«КЕЛІСІЛДІ»
Қостанай қаласы әкімдігінің
мәдениет және тілдерді дамыту
бөлім басшысы
__________ С.И. Әзімжанова
"______"_________ 2025 г.

«БЕКІТЕМІН»
Қостанай қаласы әкімдігінің
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
"Мирас" қалалық мәдениет сарайы"
МКҚК директоры
__________________ З. Иманова
"_04_"_________2025 г.

# ЕРЕЖЕ

**Қаланың шығармашылық ұжымдарының қатысуымен әскери ән фестивалін өткізу туралы «Батырлар ерлігін жырмен тербетеді...»**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Ереже фестивальді өткізудің негізгі құжаты болып табылады, ұйымдастыру мен өткізудің мақсаттары мен міндеттерін, мерзімдерін анықтайды. Фестиваль Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеуге арналған.

1.2. Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Мирас" қалалық мәдениет сарайы" МКҚК «Батырлар ерлігін жырмен тербетеді... » атты әскери ән фестивалін өткізеді.

1.3. Өтетін орны: Қостанай қаласы облыстық әкімдігінің алаңы.

## 2. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Фестиваль өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді тәрбиелеу мақсатында өткізіледі.

2.2. Негізгі міндеттер:

1) азаматтық пен отансүйгіштікке, өлмес әскери ерлікті құрметтеуге тәрбиелеу;
2) ұрпақтар сабақтастығын құруға ықпал ету;
3) әскери әндерді насихаттау.

## 3. ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

3.1.Фестивальге келесі қатысушылар қатысады: солистер, дуэттер, трио, квартеттер, хор (жас санаты шектеусіз).

3.2. Аспаптық сүйемелдеуді, нөмірлерді хореографиялық безендіруді, фонограммаларды пайдалануға рұқсат етіледі. Фонограмма көпшілік алдында орындауға қажетті сапаға сәйкес болуы керек. Орындаудың жалпы ұзақтығы - 3-5 минут.

3.3. Қатысушы патриоттық бағыттағы бір әнді орындайды:

- Ұлы Отан соғысы жылдарында жазылған әндер;
- әскери тақырыптағы әндер;
- қазіргі авторлардың шығармаларындағы Ұлы Отан соғысы және Жеңіс тақырыбы;
- сарбаздар мен әскери әндер;
- өз шығармадағы әндер.

## 4. ФЕСТИВАЛЬДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Фестиваль 08 мамыр күні сағат 19.00-де Қостанай қаласы әкімдігінің алаңында өтеді.

4.2. Фестивальге қатысу үшін қатысушылар өтінімді нысан бойынша ұйымдастыру комитетіне жібереді.

4.3. Өтінімдер 2025 жылдың 25 сәуіріне дейін «Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Мирас» қалалық мәдениет сарайы» мемлекетік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының электрондық мекенжайы бойынша қабылданады: Miras01092019@mail.ru *(хаттың тақырыбында фестивальдің атауын көрсетуді ұмытпаңыз)*

Байқау екі кезеңде өткізіледі:

4.4. Қатысушылардың өнер көрсету тәртібін ұйымдастыру комитеті айқындайды.

## 5. МАРАПАТТАУ

5.1. Фестиваль қорытындысы бойынша қатысушылар алғыс хаттармен марапатталады.

## 6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Ұйымдастыру комитеті осы Ереженің мәтініне толықтырулар мен өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

**Назар аударыңыз!**

- сахнаның айналасына бөгде заттарды лақтыруға, отшашуды, отты, конфеттиді пайдалануға тыйым салынады;
- фестивальге дейін 2-3 күн бұрын музыкалық материалды қатысушылардың қалауы бойынша ауыстыру мүмкін емес;
- сахнада, сахна артында және киім ауыстыратын бөлмелерде қатысушылардың орынсыз мінез-құлықтарына жол берілмейді;
- балағат сөздері бар әндерді қолдануға қатаң тыйым салынады;
- қойылымнан кейін қатысушылар сахна артына шығады, сахнадан залға түсуге тыйым салынады;
- қатысушылардың сөз сөйлеуі кезінде залда жүруге және қатты сөйлеуге тыйым салынады;
- сахна артына қатысушыларды өнер көрсеткенге дейін кемінде 2 нөмір бұрын жіберіледі;
- қатысушылар фестиваль кезінде тәртіпті, тазалықты сақтауға міндетті;
- қоғамдық тәртіп пен осы ереже бұзылған жағдайда қатысушылар одан әрі қатысудан шеттетілуі мүмкін.

***Ұйымдастыру комитетінің байланыстары:***

*Электрондық мекен-жайы:*

*Miras01092019@mail.ru*

*Анықтама телефоны: 8-777-238-45-29*

*Степанова Валентина Михайловна*

*Қосымша*

**Қаланың шығармашылық ұжымдарының қатысуымен әскери ән «Батырлар ерлігін жырмен тербетеді...» атты фестивалін өткізу үшін өтінім нысаны**

| | |
|---|---|
| ТАӘ *(куәлік бойынша)* немесе ұжымның атауы *(бар болса)* | |
| Жетекшінің аты жөні *(бар болса)* | |
| Ұжымға қатысушылар саны: | |
| Жас санаты: | |
| Оқу орны / жұмыс орны / студия | |
| Әннің атауы, авторлары: | |
| Вокалдық жанр: | |

**Жедел байланыс үшін байланыстар.**

| | |
|---|---|
| Телефон: | |
| Орындаушының/ұжымның әлеуметтік желілеріндегі аккаунттар | |
| Байланыс тұлғасы / аты-жөні | |